

**“Болашақ  
қаржыгерлер”  
атты интеллектуалдық  
ойын**

# Ойын бөлімдері:

- I. Сәлемдесу (4-5 минут);
- II. «Ұлттық валюта- теңге тарихы» (5 минут);
- III. «Қаржы пирамидасы» (1 минут);
- IV. «Білгір» (5 минут);
- V. «Кім жылдам» (2 минут);
- VI. «Қара жәшік» (5 минут);
- VII. Қорытынды (марапаттау).

## II. «Ұлттық валюта- теңге тарихы»

1. Қай жылғы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен **15 қараша** Ұлттық валюта күні, еліміздегі қаржы жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі болып жарияланды?

**1997 жыл 13 қараша**

2. Теңгеде қандай қорғаныш элементтер қолданылады?

**Магнитті жолақтар және түсі ауысатын элементтер, өрнектер мен голограммалар, микроқаріптер мен қосарланған суреттер**

3. Тимур Сүлейменов кім?

**Ұлттық валютамыздың дизайнын жасаушы авторлық топтың жетекшісі**

4. Алғаш теңге басылып шыққан фабрика.

**«Хариссон және оның ұлдары» фабрикасы**

5. Он теңгелік банкнотада кімнің бейнесі бейнеленді?

**Шоқан Уалиханов**

6. Монетаның сырт жағы

**реверс**

7. Қазақстан Республикасындағы эмиссиялық банк

**ҚР Ұлттық банкі**

8. «ҚР Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасы» қай қалада орналасқан?

**Алматы**

9. Тозған және бүлінген банкноттар мен монеталардың түпнұсқалығына күмән болған жағдайда, олардың түпнұсқалығын анықтау қалай жүргізіледі?

**Банкке өткізіліп, банк оларды сараптамаға Ұлттық Банктің филиалына түпнұсқалығын анықтау үшін жібереді**

10. Үш теңгелік банкнотада кімнің бейнесі бейнеленді?

**Сүйінбай Аронұлы**

1. Монеталардың бет жағы

**Аверс**

2. Теңгенің қанша құпия қорғаныс белгісі бар?

**18**

3. Ұлттық Банктің мұражайы қашан ашылды?

**1997 жылы 13 қарашада**

4. Әлемдегі қос тілде жазылған жалғыз валюта.

**Тенге**

15. Меңдібай Алин, Ағымсалы Дүзелханов, Хайролла Ғабжәлеловтер кім?

**Қазақ валютасын өмірге келтірген суретшілер**

16. Ескі ақшаны қазақстандық теңгеге айырбастау қашан басталып аяқталды?

**1993 жылы 15 қарашада сағат 8.00-де басталып, 20 қарашада сағат 20.00-де аяқталды**

17. Теңге бірінші айналымға кірген күні 1 доллар қанша теңге болып бекітілді?

**4.75**

18. Жиырма теңгелік банкнотада кімнің бейнесі бейнеленді?

**Абай Құнанбаев**

19. Ұлттық валютамыз теңге қашан айналымға енді?

**1993 жылы 15 қараша күні**

20. Бес теңгелік банкнотада кімнің бейнесі бейнеленді?

**Құрманғазы Сағырбайұлы**

21. Айналымда номиналды банкноталар саны нешеу?

6, 200, 500, 1000, 2000, 5000, 10000

22. Қай жылы қағаз тиындар жезден жасалған монеталарға алмасты?

**1994 жылы**

23. Ұлттық валютамыз теңге қай жылғы жарлықпен айналымға енді?

**Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 12 қарашадағы жарлығымен**

24. Жаңа үлгідегі теңгелік банкноттар қашан айналысқа шықты?

**2006 жылы**

25. Қазақстан Теңге сарайы қай қалада орналасқан?

**Өскемен**

26. Монеталар қандай металлдан жасалады:  
**алтын, күміс, нейзильбер, нибрасс**

27. Алғашқы ұлттық теңгемізде кімдер  
бейнеленген?

**Әл-Фараби, Шоқан, Абай, Сүйінбай, Абылай  
хан, Әбілхайыр хан**

28. 1993 жылдың 12 қарашасы күні Елбасы  
Нұрсұлтан Назарбаев қандай жарлыққа қол  
қойды?

**«Қазақстан Республикасында ұлттық  
валюта енгізу туралы»**

29. Теңге нышанының графикалық бейнесі

**Т**



30. Биколорлы (құрамдас) араластырылып орналастырылған сақина мен дискіден тұратын шеңбер түрінде жасалған монета.

**100 теңге**

31. Тозған және бүлінген банкноттар мен монеталар қайда айырбасталады?

**Барлық банктерде және Ұлттық Банктің филиалдарында белгіленген құны бойынша, қандай да болмасын шектеулерсіз айырбасталады**

32. Қазақ теңгесі қайда басылды?

**Англия**

33. Бір теңгелік банкнотада кімнің бейнесі бейнеленді?

**Әбу Насыр әл Фараби**

34. Айналымда номиналды монеталар саны нешеу бар?

**7, 1,2,5,10,20,50,100**

35. Монета жаны немесе қыры.

**Гурт**

# IV. «Білгір»



- Invoice - шот-фактура
- Хеджирлеу - Hedging
- Abatement (Discount, rebate) — жеңілдік
- Есеп саясаты- Accounting policies (policy)
- Income tax – жеке табыс салығы
- Консигнация - Consignment
- Consumption - тұтыну
- Бәсекелестік - competition (rivalry)
- Loan - қарыз
- Серіктестік — partnership
- ЛИФО - Last-in, first-out (LIFO) method
- Pawnbroker — ломбард
- ФИФО - First-in, first-out (FIFO) method
- Profitability – рентабельділік

# Бейне сұрақ

•Сұрақ

Жауап

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!**